«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ғ. Мүсірепов атындағы жалпы орта мектебінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдері талдауын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның 2 қосымшасына сәйкес талдамалық Анықтамасы

Кіріспе бөлім:

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ғ. Мүсірепов атындағы жалпы орта мектебі. Тұрғылықты жері: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Кудряшево ауылы Бейбітшілік көшесі №1 А. Телефон номері: 87123355016. Эл почтасы: g.musrepov_2@mail.ru

Сыбайлас жемқорлық тәукелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы мектеп директорының 19.01.2026 жылғы №05 бұйрығы жасақталған. Сыбайлас жемқорлық тәукелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 2025 жылдың 31 желтоқсан аралығында.

Бұйрықта көрсетілген жұмысшы тобы :

1. А. К Далиев –МДТІЖО жұмысшы тобы төрағасы
2. Г.К Кисаева –бастауыш кәсіподақ төрайымы, төраға орынбасары
3. А.Н Габдулова-дефектолог, топ мүшесі
4. Н.С Салаватова –зертханашы, топ мүшесі
5. А.А Хамидуллаева – орыс тілі пәні мұғалімі, топ мүшесі
6. Ш. Ө Шұғайыпова – ДАІЖО, топ мүшесі
7. Г.Б Хайруллина – математика пәні мұғалімі, топ мүшесі
8. С.Н Кизатова –іс қағаздарын жүргізуші, топ мүшесі
9. Г.Ш Гиляжева-ДШЖО, топ мүшесі

Сипаттама бөлімі:

1.Басқару және ұйымдастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды тиімді ұйымдастыру үшін ұйым басшысының №68 бұйрығымен жауапты тұлға бекітілген, ол А.К.Далиев. Асылбек Кайбушевич сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, тәуекелдерді анықтау және профилактикалық шараларды іске асыру бойынша жұмысты үйлестіреді.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілген. Жоспарда нақты іс-шаралар, орындау мерзімдері және жауапты орындаушылар көрсетілген. Бұл жоспар:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге,
- қызметтің ашықтығын арттыруға,
- қызметкерлер арасында адалдық қағидаттарын қалыптастыруға бағытталған.

Жұмыс жоспарының орындалуы тұрақты түрде талданып, нәтижелері бойынша қорытындылар жасалады. Талдау барысында жоспарланған іс-шаралардың тиімділігі, орындалу сапасы және анықталған проблемалық мәселелер қарастырылады. Қажет болған жағдайда жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ішкі бақылау жүйесі жүйелі түрде жүргізіледі. Ішкі бақылау формалды сипатта емес, нақты нәтижеге бағытталған.

Ішкі бақылау:

- қаржылық-шаруашылық қызметті,
- кадрлық шешімдерді,
- мемлекеттік қызметтер көрсету және сатып алу рәсімдерін қамтиды.

Бақылау шаралары тәуекелге бағытталған тәсіл негізінде жүзеге асырылады. Яғни, сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары бағыттарға басымдық беріледі. Бұл тәсіл:

- ықтимал құқықбұзушылықтарды ерте кезеңде анықтауға,
- ресурстарды тиімді пайдалануға,

- алдын алу шараларының нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ішкі бақылау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою жөнінде нақты шаралар қабылданып, олардың орындалуы қадағаланады. Жалпы алғанда, ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару және ұйымдастыру жұмыстары жүйелі, жоспарлы және тәуекелге бағытталған түрде жүргізілуде. Қабылданған шаралар сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз етуге және ұйым қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

2. Кадрлық саясат және мүдделер қақтығысын реттеу мақсатында ішкі талдау жүргізілді. Жыл ішінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Мүдделер қақатығысы болған жағдайда қақтығысты реттеу мақсатында мектеп директорының 03.09 .2025 жылғы №171 бұйрығымен медиация тобы құрылған. Медиация тобының жылдық жұмыс жоспары жасақталған. Кадрлық тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы үнемі басшылыққа алынады. Бос жұмыс орны болған жағдайда қажетті құжаттар тізбесі әлеуметтік желілерде хабарландыру түрінде жарияланады. Жыл ішінде тұрақты жұмысқа 4 маман тұрақты жұмысқа және 2 маман уақытша жұмысқа қабылданған. Бұл бағыттағы жұмыстарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3.Қаржы және бюджеттік үдерістер Мектептің қаржы операциялары 2025 жыға бекітілген жылдық қаржыландыру жоспарына сәйкес жұмсалып отырған. 2025 жылы мектеп бюджеті-486011,0мың тенгені құрады.

Бұның ішінде : негізгі құрал жабдықтар сатып алуға 15052,0мың тенге бөлінді.

Мектептегі қаржы көздері : 011- ден 2 206 ,0 мың тенге республика бюджетінен келген трансфер;

015- жергілікті бюджет 468 753,0мың тенге. Жыл соңына 159-шы ерекшеліктен 216 331 тенге игерілмеген қаржы қалды,әртүрлі жұмыстар мен қызметтер ерекшелігінен.

Қаржы операциялары жылдық жоспарға сәйкес.

Негіздемесіз төлемдер анықталмады.

Қосымша қаржы көздері жоқ. Есептілік ашық.

Ауызша келісім,жазбаша есеп анықталмады.

4.Ақылы қызметтер.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету қағидаттарына сәйкес ақылы қызметтер көрсету тәртібіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында мектепішілік комиссия тарапынан зерделеу және тексеру жұмыстары жүргізілді.Тексеру барысында мектепте ұйымдастырылған ақылы қызметтердің заңдылығы, олардың қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестігі, ата-аналармен жасалған келісімшарттардың дұрыстығы, төлемдердің жүргізілу тәртібі, қаржылық құжаттардың рәсімделуі және есептіліктің жүргізілуі жан-жақты қарастырылды. Сонымен қатар ақылы қызметтердің ерікті түрде ұсынылуы, білім алушылардың негізгі оқу процесіне қысым жасалмауы, мәжбүрлеу фактілерінің болмауы және тең қолжетімділік қағидатының сақталуы назарға алынды.Комиссия мүшелері тарапынан қызмет көрсету туралы бұйрықтар, тарифтердің бекітілуі, ата-аналардың өтініштері, келісімшарттар, төлем түбіртектері және ішкі бақылау құжаттары зерделенді. Мектеп ұжымы мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілгені, ақпараттың мектептің ақпараттық бұрышында және ресми ресурстарында жарияланғаны анықталды. Жүргізілген талдау нәтижесінде:

-Ақылы қызметтер заң талаптарына сәйкес ұйымдастырылғаны;

-Құжаттамалардың белгіленген тәртіппен рәсімделгені;

-Қаржылық операциялардың ашық және есепті түрде жүргізілгені;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен құқық бұзушылық белгілерінің анықталған жоқ.

Осыған байланысты комиссия ақылы қызметтер көрсету барысында заңдылық, ашықтық және айқындық қағидаттарын сақтау жалғасуы тиіс екенін атап өтті. Алдағы уақытта да сыбайлас

жемқорлықтың алдын алу мақсатында ішкі бақылау шаралары тұрақты түрде жүргізіліп отырады.
Аталған тексеру қорытындысы бойынша заң бұзушылықтар тіркелмегені хабарланады.

5.Мемлекеттік сатып алу және шарттар жасасу жағдайы:
Мектеп бойынша 2025 жылы 207 пунктпен тұратын әр түрлі мақсаттағы жылдық мемлекеттік сатып алу жоспары бекітілген.Осы жоспар 2025 жылы толықтай іске асқан. Партал жұмысымен таныса келе қызметкер мен тауарлардың сатып алу тәсілдері, ҚР Заңамалық тұрғысынан дұрыс таңдалғаны көрініп тұрды. Негізінен баға ұсыныс тәсілімен қызмет жасалған. Бұдан басқа коммуналды қызметкерлермен бір көзден сатып алу тәсілдері қолданған.
2025 жыл мемлекеттік сатып алу жоспарлары бар, уақытылы бекітілген.Осы жоспардағы ұсталған техникалық сипаттама талаптарының талапқа сай жасалған. Беріліп отырған хабарландырулар заңда бекітілген талаптарға сай.
Мектеп администрациясында болмаса жеке қәсіпкер арасында мүдделер қақтығысы туындайтын орта жоқ. Ешқандай тараптардан шағым туспеген.
Шарттардың орындалуы бақыланды. Орындалған жұмыстар бойынша қабылдау актілері бар.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ .

6.Материалдық құндылықтар:
Мектеп балансындағы материалдық құндылықтар (негізгі құралдар, материалдар, жабдықтар) белгіленген тәртіпке сәйкес есепке алынған. Инвентарлық карточкалар жүргізіледі, әрбір мүлік бірлігіне инвентарлық нөмір берілген. Бухгалтерлік есеп пен нақты бар мүлік арасындағы сәйкестік тексерілді.
Материалдық құндылықтардың сақталуы үшін жауапты тұлғалар бұйрықпен бекітілген. Әр бөлім, кабинет және қойма бойынша материалдық жауапкершілік шарттары жасалған.
Материалдық құралдар білім беру процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылады. Тексеру барысында мүліктің мақсатсыз немесе тиімсіз пайдаланылу фактілері анықталған жоқ.
Материалдық құндылықтарға ішкі бақылау тұрақты түрде жүргізіледі. Жыл сайын жоспарлы инвентаризация өткізіледі, сондай-ақ қажет болған жағдайда жоспардан тыс тексерулер жасалады. Бақылау нәтижелері актілермен рәсімделіп, анықталған кемшіліктер бойынша шаралар қабылданады.
Мектептегі материалдық құндылықтарды есепке алу, сақтау, пайдалану және бақылау талаптарға сай ұйымдастырылған. Жауапты тұлғалар бекітілген, мүлік мақсатты пайдаланылуда, бақылау жүйелі түрде жүзеге асырылуда.
Мектептің материалдық құндылықтары тиісті есепке алынған және қорғалған.
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

7.Ата- аналармен өзара іс-қимыл жұмыстары:
Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағыты бойынша
мектепте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және білім беру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен жүйелі өзара іс-қимыл жұмыстары төмендегі бағыттар бойынша жүргізілген.
- Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары.
Ата-аналар жиналыстарында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптары түсіндірілген
Ата-аналарға сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтардың алдын алу және заңсыз ақша жинауға жол бермеу мәселелері бойынша түсінік жұмыстары жүргізілген.
(Хаттама №1 15.09.2025ж)
Ата-аналар чаттары арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы жадынамалар мен түсіндірме материалдар таратылды.
- Ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету.
Мектепте ата-аналардан міндетті қаржылай қаражат жинауға тыйым салынғаны туралы ақпарат берілді.
Ақпараттық стендтерде және мектептің ресми интернет-ресурсында:
сыбайлас жемқорлыққа қарсы сенім телефондары;

арыз-шағым беру тәртібі;
жауапты тұлғалар туралы мәліметтер орналастырылды.
- Кері байланыс тетіктері.
Ата-аналар арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында анонимді сауалнама жүргізілді.
Ата-аналардың өтініштері мен ұсыныстарын қабылдау үшін кері байланыс арналары (мектепте сенім жәшігі, сенім телефоны жұмыс жасайды) ұйымдастырылды.
Түскен өтініштер белгіленген тәртіпте қаралады, бірақ 2025 жылы ата – анадан ешқандай өтініш түскен жоқ.
-Алдын алу және тәрбиелік іс-шаралар.
Ата-аналар комитетімен бірлесіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында дөңгелек үстелдер мен құқық қорғау қызметкерлерімен кездесулер өткізілді.
Ата-аналар мектептің ішкі тәртіп ережелері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қағидаларымен таныстырылды.
Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналардың құқықтық сауаттылығы артты, мектепте ашықтық пен сенім қағидаттары нығайды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ .

8.Құжат айналымы және ашықтық.
Білім беру ұйымы қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында ақпараттық жүйелерді дамыту және тиімді пайдалану бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.
Мектеп қызметіне қатысты негізгі құжаттар, жоспарлар, бұйрықтар мен есептік мәліметтер қолжетімді электрондық платформалар арқылы уақытылы жарияланып отырады. Бұл білім беру үдерісіне қатысушылардың қажетті ақпаратқа жедел қол жеткізуіне, басқару жұмыстарының айқындығын арттыруға және сенімді нығайтуға мүмкіндік береді.
Қазіргі уақытта мектеп сайтының жұмысын жандандыру бағытында нақты шаралар қабылдануда. Сайт қызметін тұрақты әрі сапалы жүргізу мақсатында қызмет көрсетуші ұйыммен қайта келісімшартқа отыру жоспарланып отыр. Алдағы кезеңде мектеп сайты ресми ақпаратты жариялайтын негізгі алаң ретінде жүйелі жұмыс істеп, жаңартылған мәліметтермен толықтырылатын болады.
Сонымен қатар мектептің Facebook және TikTok әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшалары белсенді жүргізілуде. Бұл платформаларда мектепте өткізілген оқу-тәрбие іс-шаралары, жетістіктер мен маңызды хабарламалар уақытылы жарияланып келеді. Әлеуметтік желілер арқылы ата-аналармен және қоғаммен ашық байланыс орнатылып, мектеп өмірі туралы ақпараттың қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.
Ақпараттық жүйелерді тиімді пайдалану ашықтық қағидатын нығайтып қана қоймай, кері байланысты дамытуға, жауапкершілікті арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға ықпал етеді. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады.

9.Әдеп және комплаенс.
Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында әдеп және комплаенс қағидаттарына ерекше мән беріледі. Бұл жүйе қызметкерлердің адал, ашық және жауапты қызмет атқаруын қамтамасыз етуге бағытталған.
-Әдеп кодексінің болуы.
Мектепте қызметкерлер үшін міндетті болып табылатын Әдеп кодексі бекітілген. Кодексте қызметтік мінез-құлық нормалары, мүдделер қақтығысын болдырмау, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу қағидалары нақты көрсетілген.
-Қызметкерлердің танысуы.
Барлық қызметкерлер Әдеп кодексімен міндетті түрде таныстырылған. Танысу фактісі тиісті тәртіпте тіркеліп, жаңа қабылданған қызметкерлерге де түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.
-Хабарлау тетіктері.
Сыбайлас жемқорлық фактілері немесе әдеп нормаларының бұзылуы туралы хабарлау үшін

келесі тетіктер қарастырылған:

- Сенім телефоны
- Арнайы хабарлама жәшігі

Бұл құралдар арқылы ақпаратты құпия түрде жеткізуге мүмкіндік бар.
- Қысымнан қорғау.
Хабарлаған қызметкерлерді қудалаудан, қысым көрсетуден немесе кемсітуден қорғау шаралары қарастырылған. Ақпарат берген тұлғалардың құқықтары қорғалып, олардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.
“Әдеп және комплаенс” жүйесі – мектептегі адалдық мәдениетін қалыптастырудың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың маңызды құралы. Әрбір қызметкер бұл үдерістің белсенді қатысушысы болуы тиіс.

10.Қорытынды бағалау.
Жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша мектепте 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 2025 жылдың 31 желтоқсан аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Анықтаманы әзірлеген жұмысшы топ мүшелері:
1.А. К. Далиев
2. Г.К. Кисаева
3. А.Н. Габдулова
4. Н.С. Салаватова
5. А.А. Хамидуллаева
6. Ш. Ө. Шұғайыпова
7. Г.Б. Хайруллина
8. С.Н. Кизатова
9. Г.Ш. Гиляжева

Мектеп директоры: Утепбергенов А.Ж.